

## • ЖАҢА КІТАП


Жақында «Жазушы» баспасынан жерлесіміз Жеңіс Жұмашұлы Шәдетовтің «Бұқар баба елінде» деген естелік кітабы 200 данамен жарық көрді. Көркем безендіріліп, басылып шыққан жинақтың оқырмандар қолына тезірек тиюіне қолдау көрсеткен Алматыдағы «АДАНАЗ» компаниясының директоры, Жекеңнің бала күннен досы болған, әріптесіміз Шайхан Жандаевтың қызы Сана Жандай екен. Ол туралы әңгіме кейінірек.

Менен сәл ғана үлкендігі бар, алпыстың асқарынан асып, ақсақалдық жасқа келген ағамыздың аты мен атағына көптен қанықпын. Олай дейтін себебім, екеуіміз де Бұқар жырау ауданындағы ауылы аралас, қойы қоралас, іргелес жатқан Үлгі мен Жастілектің тумаларымыз. Оның үстіне ол біздің журналистер қауымымен жақсы араласты. Жоғарыда айтқан Шайханмен достығы бір бөлек, бұрынғы редакторымыз марқұм Тілеухан Жүсіповпен де сыйластығы өз алдына. Әсем Алматыда студенттік шағын бірге өткізіп, қатар жүріп, қатар тұрған жігіттердің қарымқатынастары Шәкең мен Тілекең өмірден өткенше үзілмеді. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» демекші, Сана қарындасымыздың кітаптың шығуына жасаған демеушілігі сол қайран әкесінің аруағы алдындағы перзенттік парызын ақтағанының белгісі дер едік.

Жеңіс Жұмашұлы осы ауданның Қылыш Бабаев атындағы кеңшарын 1988-1998 жылдар аралығында басқарып тұрған уақытында «Орталық Қазақстанның» журналистері іссапармен сан мәрте барып жүрді. Сонда шаруабастылығына қарамастан оларға бар жағдайды жасап, газет таралымының көбеюіне көп үлес қосты. Тіпті 1997 жылы редакция қызметкерлері 7-8 ай жалақы алмай қиналған шақта бізге 10 тонна астық беріп, жанашырлық танытқан да осы азамат.

Өрине, оның мұндай адамгершілігі мол, тұлғасы биік азамат болып қалыптасуына отбасы тәрбиесі, өскен ортасының ықпалы зор болғаны анық. Автор оны кітапқа енген «Әкем өмірінің өткелдері», «Өзім туралы өмірбаяндық», «Жазбалар», «Ер

# Туған жердің түтіні де тәтті



азаматтың үш жұрты» атты естеліктер топтамасында жан-жақты баяндайды.

Осыдан білгеніміз, Жеңіс 1943 жылы 27 шілдеде Үлгі ауылында ұзақ жылдар ел басқарған Жұмекең мен Қапсаның шаңырағында дүниеге келіпті. Курск иінінде кескілескен ұрыс жүріп жатқан. Соғыстың тағдыры әлі белгісіз еді. Соған қарамастан ата-анасы үлкен үмітпен атын Жеңіс қойыпты. Өз ауылындағы орта мектепті күміс медальмен тәмамдаған жеткіншектің жолы болып, 1967 жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтын үздік бітіріп, ұстаздарының осында «оқытушылыққа қал» дегеніне қарамай, туған Үлгісіне оралып, бөлімше зоотехнигі болып орналасады. Білімді маман аз мерзімде іскерлігі мен қабілет-қарымын байқатып, 1971-1997 жылдар ішінде көршілес Пушкин атындағы, Қ.Бабаев атындағы кеңшарлардың бас зоотехнигі қызметін атқарды. Содан он жыл бойы «Бабаевқа» басшылық етіп, бұл кезеңде шаруашылықтың мал-жаны қаулап өсіп, өзі абырой-құрметке бөленді. Соның айғағы, 1992 жылы

егеменді еліміздің алғашқы марапаты - ҚР Құрмет грамотасының берілгені.

Қазір Жекең жеке шаруа қожалығын құрып, егін салып, мал өсірумен айналысуда.

Қарап отырсақ, Жеңіс Жұмашұлының отыз жылдық өмірі мен еңбек жолы екі кеңшар төңірегінен аспапты. Ал кітабының ауқымы кең аудан аумағын қамтиды десек, қателеспейміз. Ол елге еңбегі сіңген адамдардың, замандастарының, аға буын өкілдері есімдерінің бірде-бірін елеусіз қалдырғысы келмейді. Әрқайсысын санамалап атап, ыстық ілтипатын білдіріп, Шопанай Әмірханов, Серік Ағыбаев, Мәулет Мәненов сияқты шаруашылық басшыларына, Қаныш Сәтбаев, Қылыш Бабаевтай ғалымдарға, прокуратура саласының ардагері Мақыш Қапеневке, ұстаздары Дүйсенбай Тұрғанбеков, Мұрат Көккөзовтерге, ақын Рамазан Нәресшевке, достары Шайхан Жандаев пен Құрманғали Уәлиевке, Югославиядағы партизан қозғалысына қатысқан Бошай Қанапияновқа жеке-жеке естеліктер арнап, жинағына енгізген.

Шынын айтқанда, бұл естелік-мақалаларының көпшілігі 2007 жылдан бастап өзіміздің «Орталық Қазақстанда» жарияланды. Бұған дейін біз Жекеңнің не хабар, не мақала жазғанын көрген де, оқыған да емеспіз. Жаңа автордың пайда болуы бәріміз үшін күтпеген жаңалық болды және де қандай автор! Өр жазғанының баяндау стилі мен грамматикалық сауаттылығы тәжірибелі әріптестеріміздің өзін таңқалдырып, түзетіп-күзетпей бірден басуға жіберіліп жатты. Ең алғашқы «Бабаевтың бастапқы бас-

шысы» атты естелігі жарық көрген сәттен («Орталық Қазақстан» 2007 ж. 8 желтоқсан) ол да қамшы салдырмады. Редакцияның тапсырмасымен Бұқар жырау ауданының 70 жылдығы қарсаңында қаншама материалдар әзірлеп, бірінен соң бірін тоғытты. Мәселен, жинаққа енген «Аудан ардақтылары», «Үміткердің ұландары», «Ордалы оқу орны», «Ақ халатты абзал жандар» дейтін естеліктерінен өлке тарихы мен адамдары жайлы мол деректер мен мәліметтерді таба аласыз. Сол сияқты кітап ұстазы Мұрат Көккөзов пен ақын Рамазан Нәресшевтің Жекеңе арнаған жылы лебіздеріне, отбасы ағайын-туыстары мен үлкен ағаларының суреттеріне орын берілген.

Жалпы, «Бұқар баба елінде» кітабының тілі шұрайлы, тартымды оқылады. Автордың қай шығармасынан болмасын оның туған жеріне деген ыстық ықыласын, адамдарына деген дархан көңілін сезінесің. «Туған жердің түтіні де тәтті» деген сөз осындайда айтылса керек. Кітаппен қолжазба күйінде танысып, алғысөзін жазғаныма, өзім де сондай сезімде болып, көз алдыма ауылдың баяғы әңгімешіл, шежіре қарттары елестеді. «Ауылында қарт болса, жазулы тұрған хатпен тең» деуші еді ғой қазағымыз. Ендеше халқының қадірлі қариясына айналған Жеңіс Жұмашұлы Шәдетовтің шығармашылығына табыс тілеп, жұртты сусындататын жаңа жинақтар күтеміз.

Аман ЖАНҒОЖИН.